

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Ата-анамен балабақша арасындағы ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Сарсенова Г.С

2025 ЖЫЛ

Тақырыбы: “Ата-анамен балабақша арасындағы ынтымақтастық”

Құрметті жиналысқа қатысушылар!

Бүгінгі баяндаманың мақсаты – балабақша мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастықтың мәнін ашу, қазіргі заманда бұл бағытты тиімді ұйымдастырудың жолдарын қарастыру.

1. Кіріспе

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара байланысы – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына тікелей ықпал ететін маңызды фактор. Баланың өмірінде ең алғашқы тәрбие ошағы – отбасы болса, оны жалғастыратын орта – балабақша. Осы екі ортаның бірізді және үйлесімді жұмысы ғана тәрбиенің сапасын арттырады.

2. Ынтымақтастықтың маңызы

Ата-ана мен педагогтың өзара түсіністігі баланың дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Ынтымақтастықтың негізгі артықшылықтары:

Бала тәрбиесінде ортақ талап қалыптастыру;

Басқа ортада байқалмайтын оның қабілеттерін бірге ашу;

Психологиялық қолдау көрсету арқылы балаға сенімді атмосфера қалыптастыру;

Педагогикалық үрдістің ашықтығын қамтамасыз ету;

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

3. Ынтымақтастықты ұйымдастыру бағыттары

3.1 Ақпараттық байланыс

Педагогтар мен ата-аналардың тұрақты ақпарат алмасуына жағдай жасау – жұмыстың алғашқы қадамы.

Бұл бағытқа мыналар жатады:

Ата-аналар жиналысы;

Ашық есік күндері;

Ата-аналарға арналған стенд, бұрыштар;

Баланың жеке даму картасы бойынша кері байланыс.

3.2 Педагогикалық қолдау көрсету

Педагог ата-анамен тек хабарлама жүргізіп қана қоймай, оның тәрбиелік функциясын нығайтуға көмектесуі қажет.

Осыған орай:

Семинар-тренингтер;

Мастер-класстар;

Психологиялық кеңестер;

Үй жағдайында баланы дамыту бойынша ұсыныстар ұйымдастырылады.

3.3 Бірлескен іс-шаралар

Отбасы мен балабақшаны жақындататын ең тиімді жол – ортақ іс-шаралар:

Мерекелік ертеңгіліктер;

Спорттық жарыстар (“Әкем, анам және мен”);

Шығармашылық көрмелер;

Ұлттық дәстүрге негізделген шаралар (“Наурыз”, “Отбасы күні”);

Әкелер клубы, Аналар клубы жобалары.

3.4 Баланың жеке дамуына қатысты бірлескен жұмыс

Педагог пен ата-ана баланың мінез-құлқы, сөйлеуі, дағдылары жөнінде бірге талдау жасап, мақсат қояды.

Бұл бағытта:

Бала жетістіктерінің портфолиосы;

Жеке жұмыс жоспары;

Күнделікті кері байланыс тиімді.

3.5 Заманауи цифрлық серіктестік

Қазіргі цифрландыру кезеңінде байланыс формалары да өзгерді:

Онлайн жиналыстар;

Электронды сауалнамалар;

Видеоконтент (тәрбиелік роликтер);

Мессенджерлер арқылы фото/видео есеп.

4. Тиімді ынтымақтастық нәтижелері

Ынтымақтастық дұрыс жолға қойылған жағдайда:

Баланың психологиялық жайлылығы артады;

Балабақшаға бейімделу жеңілдейді;

Бала белсенді, сенімді болады;

Педагог пен ата-ана арасындағы сенім күшейеді;

Тәрбие мен білім сапасы жоғарылайды.

5. Қорытынды

Қорытындылай келе, ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастық – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыратын негізгі шарт.

Педагогтар мен ата-аналардың ашық, жүйелі және тең дәрежеде серіктестігі баланың болашағы үшін аса маңызды. Баланың дамуы – ортақ жауапкершілік, ортақ еңбек.



Ата-анамен балабақша арасындағы ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

